

## Көшенің атын өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Балықты ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 21 сәуірдегі N 22 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 27 сәуірде N 14-14-152 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып , Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Балықты ауылдық округінің әкімі

### **Ш Е Ш Т І :**

1. Түлкібас ауданы, Балықты ауылдық округі, Көкбұлақ ауылында орналасқан Көкарық көшесінің аты Көлбаев Құрманбай көшесі деп өзгертілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзыретіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*И.Куралбеков*